

**6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Чункенова Сымбат Сабитовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін
кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Атап айтқанда, 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы, «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Заңында, сонымен қатар жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен «Педагог» кәсіби стандарты болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылатын талаптарды күшейтеді. Міндеттер мен талаптардың осы құжаттарда көрсетілуі диссертанттың зерттеуінің өзектілігін және оның тақырыбының мемлекеттік білім беру бағдарламаларымен үйлесімділігін айғақтайды. Осы орайда С.С. Чункенованың болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бүгінгі білім беру жүйесіндегі кәсіби даярлықты жетілдіруге, жоғары білім мен ғылымды одан әрі дамытуға бағытталған өзекті және маңыздылығы жоғары ғылыми еңбек болып табылатындығын айқындай түспек.

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	С.С.Чункенованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, себебі ол бастауыш білім беру саласындағы маңызды мәселені – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысын қалыптастыру әдістемесін – теориялық және тәжірибелік тұрғыда негіздейді. Зерттеу барысында қазіргі қоғам талаптарына сай мұғалім даярлау мәселесінің жеткілікті деңгейде зерттелмегені дәлелденіп, оның мазмұны мен әдістемесі нақтыланған. Осылайша, жұмыстың ғылыми маңыздылығы ашылып, білім беру ғылымының дамуына қосатын үлесі айқындалып отыр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	С.С. Чункенованың зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Докторант зерттеу жұмысында ғылыми деректерді ретпен, логикалық жүйелілікпен және ғылыми негізге сүйене отырып баяндаған. Диссертация мазмұны нақты әрі түсінікті тілмен жазылып, құрылымы белгіленген талаптарға сай құрылған және бөлімдер арасындағы мазмұндық тұтастық сақталған.

4.	Ішкі бірлік принципі	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі терең ғылыми негіздемемен дәлелденген. Зерттеу барысында диссертант мемлекеттік бағдарламаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және білім беру тәжірибесіне жүргізген кешенді талдау нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру қажеттілігін айқындаған. Сонымен қатар, осы бағыттағы жұмысты ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету барысында бірқатар теориялық және практикалық сипаттағы қарама-қайшылықтар анықталған. Олар: 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі терең ғылыми негіздемемен дәлелденген. Зерттеу барысында диссертант мемлекеттік бағдарламаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және білім беру тәжірибесіне жүргізген кешенді талдау нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру қажеттілігін айқындаған. Сонымен қатар, осы бағыттағы жұмысты ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету барысында бірқатар теориялық және практикалық сипаттағы қарама-қайшылықтар анықталған. Олар: - қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің жеткіліксіздігі; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыруға ғылыми-негізделген тәсілдерді құру қажеттілігі және аталған мәселенің әдіснамалық зерттеулерінің болмауы; - ғылыми әдістемелік деңгейде кәсіби іс-әрекетке даярлау үшін өзіндік оқу-танымдық қызметін өзектендіру қажеттілігі мен осы үрдісті ғылыми-педагогикалық қамтамасыз етуде арнайы әдістеменің жеткіліксіздігі арасында. Аталған қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзекті екенін нақтылай түседі. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. Зерттеу жұмысының құрылымы диссертация тақырыбының мазмұнын толық ашуға бағытталған. Диссертация кіріспеден, екі негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыстың мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясын негізге ала отырып, зерттеу тақырыбын жан-жақты айқындайды. 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді, мақсат-міндеттердің орындалуы зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны өзара логикалық үйлесім тапқан. Жеке бөлімдер арасында тығыз байланыс орнатылып, зерттеу барысында бірізділік сақталған. Жүргізілген
----	----------------------	--	---

		2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	зерттеулердің нәтижелері ғылыми болжамның негізділігін дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау жоғары деңгейде көрініс тапқан. Оның айғағын төмендегі ретте көрсетуге болады: Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда, негізгі түсініктерді нақтылауда, зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда, қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін нақтылауда, ұсынылған әдістеменің тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан жүргізілген зерттеулер шешімдермен салыстырылып бағаланған. Автор зерттелетін мәселеге терең талдау жасап, оны түсіну негізінде өз көзқарасын нақты әрі дәлелді түрде ұсынады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Оған диссертациядағы көтеріліп отырған ғылыми мәселенің бұған дейінгі ғылыми тұрғыда толық қарастырылмағандығы және аталған мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігі мен ғылыми жаңашылдық принципі сақталғандығымен дәлел. Бірінші ғылыми жаңалығы толығымен жаңа себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғырлары мазмұндалған. Екінші ғылыми жаңалығы толығымен жаңа себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудағы негізгі «кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы анықталған. Үшінші ғылыми жаңалығы толығымен жаңа, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғанды. Төртінші ғылыми жаңалығы толығымен жаңа, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлау үдерісінде тұлғалық болмысын қалыптастыруға әдістемесі

		өзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар ұсынылды.
		Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңашылдығымен ерекшеленеді. Докторант болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру қажеттілігін отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге сүйене отырып дәлелдеп, өз көзқарасын теориялық тұрғыдан негіздеп, нақты тұжырымдаумен, құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұнын қорытындылаумен және әдістеменің дайындалуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен, ізденушінің жеке педагогикалық тәжірибесі арқылы дәлелденеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).
		Диссертанттың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі толығымен жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).
		Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дәлелдемелер ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. Диссертациядағы барлық қорытындылар зерттеу ғылыми тұрғыдан алғанда, жан-жақты дәлелдемелермен негізделген. Себебі, зерттеуші тарапынан нақты зерделенгендігі өзіндік нәтижелер мен қорытындылардан көрінеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;
		Докторант С.С. Чункенованың диссертациялық еңбегінде ұсынылған төрт қағидат жан-жақты негізделіп, дәлелденген. Бұл тұжырымдардың зерттеу мақсаты мен міндеттерінен туындайтыны және жұмыстың теориялық әрі практикалық бағыттылығын нақты көрсететіні байқалады. Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар: 7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР ҒЖЖБМ, Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда жарияланған мақалалармен дәлелденген. 1. Formation of the Personality of Future Teachers for the Implementation of Professional Activities in Modern Conditions. Review of International Geographical Education Online. – 2021. – 11(5) – P. 4588-4599. DOI 10.48047/rigeo.11.05.336. 2. Cualidades de los docentes de primaria en el proceso de formación profesional. Orcion, Año 35. – 2019. – 35(90-2). – P. 218-233. 3. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби - педагогикалық іс - әрекетке дайындау. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – №3(63). –161-16566. 4. Жаңа білім беру жүйесіне үйлесімді мұғалім тұлғасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Серия Педагогика. – 2019. – №3 (128). – 100 -104 66. 5. Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке дайындауда тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру ерекшеліктері. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. – №4(64). – 408-41166. 6. Подготовка будущих учителей начальных классов к профессиональной деятельности. Международный научный журнал «Наука и жизнь Казахстана». – 2019. №11/2. С. 231-235. 7. Бастауыш сынып мұғалімінің болмысы мен кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру жолдары. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми – көпшілік журнал. – 2019. – №2/2. – 311-31466.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә;	Зерттеу проблемасының теориялық және әдіснамалық негіздері болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудағы

ақпараттың дәйектілігі	2) жоқ.	жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, тұлғалық тұғыр және құзыреттілік тұғырдың жиынтығы болып табылады. Әдістері дұрыс тандалған және олардың тиімділігі дәлелді түрде негізделген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.	Докторант зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешенін анықтаған. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми әдістер мен мәліметтерді талдау негізінде, сондай-ақ авторлық интерпретация тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында компьютерлік технологиялар пайдаланылып, түрлі сызбалар, кестелер, диаграммалар мен тапсырмалар әзірленген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері математикалық-статистикалық әдістермен өңделіп, ғылыми негізде қорытындыланған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Теориялық тұжырымдар І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеттерінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденген.. Жүргізілген жұмыстар диссертацияның қосымшасында келтірілген оқу процесіне ендіру актілерімен дәлелденеді. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетті. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудағы: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» элективті курсы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы алынған нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бекіткен нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, интернет ғаламдық желісінің парақшалары, журналдар мен конференция жинақтары, ҚР Ғылым және Жоғары министрлігі Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жариялаған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу

шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	тақырыбы бойынша алыс жақын шетел және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 136 тізімнен тұрады.
9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	С.С. Чункенованың диссертациялық зерттеуі теориялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Себебі: - болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; - «Кәсіби іс-әрекетке даярлау», «тұлғалық болмыс» ұғымдарының мазмұны мен құрылымы анықталған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған; - болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген.
9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ, л	Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар. Атап айтар болсам, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық кәсіби іс-әрекеті» элективті курсының бағдарламасы зерттеу тақырыбына сәйкес арнайы тақырыптармен толықтырылып, жасалған. Бұл курс болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау арқылы тұлғалық болмысын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке бейімдеуде тұлғалық болмысын тәрбиелеу» оқу-әдістемелік құралы жасалып, педагогикалық білім беру үдерісін ұйымдастыруда қолдануға ұсынылған. Алынған практикалық нәтижелерді жоғары оқу орындарының базасында кәсіби маман даярлау үдерісінде пайдалану мүмкіндігі жоғары.
9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы шеңберіндегі практикалық ұсыныстар толығымен жаңа мазмұнмен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелеріне негізделіп әзірленген әдістемелік ұсынымдар мен материалдарды болашақ мұғалімдерді жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау үдерісінде, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде (гимназиялар мен лицейлерде), колледждер тәжірибесінде және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесінде кеңінен қолдануға болады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса жауапкершілік және академиялық тазалық ұстанымдары басшылыққа алынған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда кейбір сөйлемдерді стилистикалық жағынан жөндеу керек. Алайда аталған ұсыныс диссертацияның құндылығын төмендетпейді және ол кеңес ретінде ұсынылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		С.С. Чункенованың диссертациялық зерттеуі барысында алынған негізгі нәтижелер белгіленген талаптарға сай ғылыми журналдар мен басылымдарда жарияланған. Жарияланған мақалалардың мазмұны диссертация тақырыбының шеңберінен шықпай, оның мазмұнымен толық үйлеседі.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Жоғарыдағы айтылғандарды негізге ала отырып, Чункенова Сымбат Сабитовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлауда тұлғалық болмысын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын барлық талаптарға жауап береді деп санаймын, ал ізденуші Чункенова Сымбат Сабитовна білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық.

--	--	--	--

Чункенова Сымбат Сабитовнаның 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты



РАСТАЙМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАРДЖИ:	КАРДЖИ
ЗАВЕРЯЮ:	РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
КОЛЫ	
ПОДПИСЬ	